

"Шетел азаматтарының және азаматтығы жоқ адамдардың Қазақстан Республикасына кіруін және Қазақстан Республикасынан шығуын бақылау жөніндегі келісілген шаралар туралы" нұсқаулықты бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті, Ішкі істер министрлігі 2000 жылғы 24 қаңтардағы N 2/36 БҰЙРЫҚ. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде тіркелді. Тіркеу N 1100. Бірлескен бұйрығының күші жойылды - ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитеті төрағасының 2005 жылғы 17 қазандағы N 148, ҚР Ішкі істер министрлігінің 2005 жылғы 6 қазандағы N 439 бірлескен бұйрығымен.

Ескерту: Бірлескен бұйрығының күші жойылды - ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитеті төрағасының 2005 жылғы 17 қазандағы N 148, ҚР Ішкі істер министрлігінің 2005 жылғы 6 қазандағы N 439 бірлескен бұйрығымен.

-----Бірлескен бұйрықтан үзінді-----

"Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің шетелдегі мекемелері, Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасынан өткізу бекеттерінде шекаралық бақылау бөлімшелері арқылы тіркелген шетел азаматтарын есепке алу ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті төрағасының 2005 жылғы 5 мамырдағы N 94/ҚПҰ, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2005 жылғы 3 мамырдағы N 265, Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің 2005 жылғы 29 сәуірдегі N 08-1/131 бірлескен бұйрығының қолданысқа енгізілуіне байланысты БҰЙЫРАМЫЗ:

1. "Шетел азаматтарының және азаматтығы жоқ адамдардың Қазақстан Республикасына кіруін және Қазақстан Республикасынан шығуын бақылау жөніндегі келісілген шаралар туралы" нұсқаулықты бекіту туралы" Ұлттық қауіпсіздік комитетінің төрағасы мен Ішкі істер министрінің 2000 жылғы 24 қаңтардағы N 2/36 бірлескен бұйрығының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 1100 болып тіркелген) күші жойылды деп танылсын...

*Қазақстан Республикасы
Ұлттық қауіпсіздік
комитеті төрағасы*

генерал-лейтенант

*Қазақстан Республикасы
Ішкі істер министрінің*

полиция генерал-майоры

Қазақстан Республикасына кіруді және Қазақстан Республикасынан шығуды бақылауды қамтамасыз ету мақсатында **БҰЙЫРАМЫЗ** :

1. "Шетел азаматтарының және азаматтығы жоқ адамдардың Қазақстан Республикасына кіруін және Қазақстан Республикасынан шығуын бақылау жөніндегі келісілген шаралар туралы" нұсқаулық (қоса беріледі) бекітілсін және 2000 жылғы 1 ақпанынан бастап қолданысқа енгізілсін .

2. Астана қаласы ІІБ-нің, Алматы қаласы ІІББ-нің, облыстардағы ІІБ-ІІБ-нің, көліктегі ІІБ-нің бастықтарына:

1) жаңадан құрылған паспорттық бақылау пункттерінде полиция қызметкерлерінің жұмысын ұйымдастырсын;

2) визалық жұмыстар бөлімшелері қызметкерлерінің функционалдық міндеттері осы Нұсқаулыққа сәйкес келтірілсін;

3) паспорттық бақылау пункттерін белгіленген үлгідегі бланкілермен, журналдармен және мөртаңбалармен қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы ҰҚК Шекара қызметінің Бас штабына, Қазақстан Республикасы Ішкі ісминінің Көші-қон департаментіне жүктелсін.

4. Бұйрық Қазақстан Республикасы ҰҚК Шекара қызметінің және Қазақстан Республикасы Ішкі ісминінің қатысы бар барлық жеке құрамына жеткізілсін.

Қазақстан Республикасы	Қазақстан Республикасының
Ұлттық қауіпсіздік комитетінің	Ішкі істер министрі-
төрағасы	Ішкі әскерлер қолбасшысы
генерал-майор	генерал-лейтенант

Қазақстан Республикасы
ҰҚК төрағасының және
Қазақстан Республикасы
ішкі істер министрінің
2000 жылғы 24 қаңтарда
N 2/36 бұйрығымен

бекітілген

**Шетел азаматтарының және азаматтығы жоқ адамдардың
Қазақстан Республикасына кіруін және Қазақстан
Республикасынан шығуын бақылау жөніндегі келісілген
шаралар туралы**

НҰСҚАУЛЫҚ

1. Осы Нұсқаулық шетел азаматтарының және азаматтығы жоқ адамдардың Қазақстан Республикасына кіруін және Қазақстан Республикасынан шығуын бақылауды қамтамасыз етудің тәртібі мен негізгі принциптерін анықтайды және Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасында бақылауды жүзеге асырушы Қазақстан Республикасы ҰҚК Шекара қызметінің және Қазақстан Республикасы Ішкі ісмінің көші-қон полициясы бөлімшелерінің барлық лауазым иелерінің орындаулары үшін міндетті болып табылады.

2. "Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы адамдарды, көлік құралдарын, жүктерді және өзге де мүліктерді өткізуді Қазақстан Республикасының заңдарымен және халықаралық шарттармен (келісімдермен) анықталған өткізу пункттері жүзеге асырады.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы өткізу пункттері төмендегіше жіктеледі:

1) бірінші санаттағы өткізу пункттері - Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулыларымен халықаралық (екі жақты) қатынастар үшін әуежайларда (теңіз порттарында) Қазақстан Республикасының Қытай Халық Республикасы және "Аумақтары бойынша Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы азаматтарының визасыз жүріп тұруы туралы" 1992 жылғы 9 қазандағы Бішкек келісіміне, "Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің визаларын өз ара танысу туралы" 1992 жылғы 13 қарашадағы Мәскеу келісіміне (осыдан әрі Бішкек, Мәскеу келісімдері) қатыспайтын ТМД елдерімен Мемлекеттік шекарасында ашылған пункттер. Онда "Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес шекаралық, кедендік және өзге де бақылау түрлері жүзеге асырылады.

2) екінші санаттағы өткізу пункттері - әуежайларда (теңіз порттарында), теміржол вокзалдарында, неғұрлым қарқынды жүк - жолаушылар қатынасы бағытындағы Қазақстан Республикасының Бішкек және Мәскеу келісімдеріне қатысушы - ТМД елдерімен Мемлекеттік шекарасында паспорттық, кедендік және өзге де бақылау түрлері жүзеге асырылады.

Екінші санаттағы өткізу пункттері тікелей мемлекеттік шекара өтетін орындарда немесе оған жақын елді мекендерде, әдетте, кеден бақылау бекетімен бірге, ал ол жоқ болса дербес орналасады.

3. Қазақстан Республикасына кіруді және Қазақстан Республикасынан шығуды бақылауды:

1) бірінші санаттағы өткізу пункттерінде - Қазақстан Республикасы ҰҚК-нің Шекара қызметінің шекаралық бөлімдері мен бөлімшелері шекаралық бақылау нысанында жүзеге асырады.

Шекаралық бақылау - үздіксіз, жүйелі, өзара байланысты және мақсаты,

орыны және уақыты бойынша келісілген бақылау-өту және режимдік әрекеттер, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасынан адамдар мен көлік құралдарының өтуін, товарлар, жүктер мен өзге де бұйымдар тасымалдаудың заңдылығын тексеру жөніндегі жедел іс-шаралар. Оларға:

- Қазақстан Республикасына кіру және Қазақстан Республикасынан шығу құқығы берілген құжаттарды тексеру;
көлік құралдарын, жүктер мен өзге де мүліктерді қарау;
Қазақстан Республикасына келуге болмайтын адамдарды анықтау жатады;
Шекаралық бақылау жедел және режимдік шаралармен үйлестіріле жүзеге асырылады.

2) екінші санаттағы өткізу пункттерінде - ішкі істер органдарының паспорттық бақылау бөлімдері (бөлімшелері) жүзеге асырады.

Көрсетілген бөлімдер Астана қаласы ІІБ-нің, Алматы қаласы ІІББ-нің, облыстардағы ІІББ-ІІБ-нің Көші-қон басқармаларының немесе тікелей көліктегі ІІБ-нің құрылымдық бөлімшелері болып табылады. Олардың негізгі міндеттері шетелдік азаматтардың елге кіру және шығу заңдылығын бақылауды, сондай-ақ құқыққа қарсы әрекет жасау ниеті бар адамдардың Қазақстан Республикасының аумағына енуін болдырмауды жүзеге асыру болып табылады.

Бұл міндет паспорттық бақылау нысанында жүзеге асырылады.

Паспорттық бақылау - шетелдік азаматтардың елге кіру және шығу заңдылығын тексеру жөніндегі келісілген, жүйелі және мақсаты мен мазмұны жағынан біртұтастықты көрсететін режимдік және жедел іс-шараларды, олардың Қазақстан Республикасына келу режимін сақтауын бақылауды жүзеге асыратын процесс.

О л а р ғ а :

Қазақстан Республикасына кіру және Қазақстан Республикасынан шығу құқы берілген құжаттарды тексеру жатады. Мұнымен бірге паспорттардың қолданыс мерзіміне, қазақстандық визалардың, қабылдайтын ұйымдардың немесе жеке адамдардың шақыруларының, Қазақстан Республикасының аумағынан шығарып жіберу туралы мөртаңбаның болуына, визаларда көрсетілген мерзімдер мен кіру мақсаттарына ерекше назар аударылады;

паспорттық бақылау пунктіне жапсарлас аумақта қоғамдық тәртіп сақтауды қамтамасыз ету;

өзінің құзыреті шегінде кеден қызметіне көмек көрсету;

Қазақстан Республикасына кіруге тыйым салынған адамдардың не болмаса, кіруге негізі жоқ адамдардың елімізге кірулеріне жол бермеу;

ішкі істер және ұлттық қауіпсіздік органдарының жедел қызығушылығын тудырған адамдарды анықтау;

депортацияны (шығарып жіберуді) жүзеге асыру жатады.

Шығарып жіберу кезінде белгіленген нысанда қорытынды (1 қосымша)
ж а с а л а д ы .

Шығарып жіберу туралы қорытындылар, хаттамалар және шетелдік азаматтарды әкімшілік жауапкершілікке тарту жөніндегі өзге де материалдар іске тігіледі және он жыл бойы сақталады;

Қазақстан Республикасында болуы 7 тәуліктен аспайды деп шамаланған шетелдік азаматтардың келуін тіркеуді жүзеге асыруды қамтиды.

Паспорттық бақылау жедел іс-шаралармен үйлестіріле жүзеге асырылады.

4. Екінші санаттағы өткізу пункттерінде кезекшілік тәулік бойы жүзеге а с ы р ы л а д ы .

Шетелдік азаматтарды өткізу нақты жедел жағдайға және жергілікті ерекшеліктерге байланысты не болмаса тәулік бойы, не болмаса күндізгі уақытта жү з е г е а с ы р ы л а д ы .

Нарядтардың кезекшілікті тапсыруы паспорттық бақылау бөлімшесінің бастығына рапорт жазуымен жүзеге асырылады, ол кезекшілікті тапсыру журналына (2 қосымша) тиісті белгі жасайды.

5. ТМД-ның "ішкі" шекараларында Қазақстан Республикасының ҰҚК Шекара қызметінің жаңадан құрылған шекаралық бақылаудың бөлімдері мен бөлімшелерінің күшейтілуіне және олардың өткізу пунктіндегі шекара учаскесін күзетуге қабылдауына, кіру және шығу құқығын беретін құжаттарды тексеру жөніндегі функцияларды алуына байланысты, сондай-ақ қолда бар қызметтік үй-жайлар, құжаттарды тексеру, көлік құралдарын қарау жөніндегі технологиялық жабдықтар мен аппаратуралар шекаралық бақылау бөлімшелерінің қарамағына беріледі.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы өткізуді ұйымдастыруда үйлестіруші рольді, режим белгілеуді және бақылаудың жүйелілігін Қазақстан Республикасы ҰҚК-нің Шекара қызметі, ал шекаралық бақылау бөлімшелері болмаған жағдайда - ішкі істер органдарының көші-қон полициясының бөлімшелері жүзеге асырады.

6. Мемлекеттік шекара арқылы өту: Бішкек және Мәскеу келісімдеріне қатысушы Достастық Мемлекеттерінің азаматтары - Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы мемлекеттері азаматтарының оған қатысушылардың аумағында визасыз қозғалу туралы Келісімге сәйкес, жеке бастарын куәландыратын құ ж а т т а р ы б о й ы н ш а ;

шетелдік азаматтар, азаматтығы жоқ адамдар, Бішкек және Мәскеу келісімдеріне қатыспаған ТМД елдерінің азаматтары - визалары болса, егер Қазақстан Республикасының тиісті мемлекеттермен шарттарында (келісімдерінде) өзге тәртіп қарастырылмаса, ұлттық шетелдік паспорттары бойынша жүзеге а с ы р ы л а д ы .

7. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасынан өтетін адамдарды есепке алуды ұйымдастыру мен жүргізу үшін өткізу пункттері компьютерлік техникалармен, машинамен есептегіш аппаратуралармен және "Бүркіт" біртұтас ақпарат жүйесінің техникалық жобасына сәйкес келетін өзге де құралдармен ж а б д ы қ т а л а д ы .

Шекаралық бақылау органдары жоқ шекара арқылы өткізу пункттерінде көші-қон полициясы паспорттық бақылау бекеттерін жабдықтайды.

Шекара арқылы өткізу пункттеріндегі паспорттық бақылау бекеттерін жабдықтау Қазақстан Республикасы ҰҚК Шекара қызметінің талаптарын ескере отырып, өткізу пункттерін жобалау мен оның құрылысы кезіндегі технологиялық тапсырыстарға сәйкес жүзеге асырылады.

8. Еліміздің аумағына екінші санаттағы өткізу пункттері арқылы кірген шетелдік азаматтар туралы мәліметтер кіруді (шығуды) тіркеу журналына (3 қ о с ы м ш а) е н г і з і л е д і .

Кіруші (шығушы) шетелдік азаматтың паспортына шекарадан өткені туралы (4 қ о с ы м ш а) м ө р т а н б а қ о й ы л а д ы .

Бішкек келісіміне қатысушы - елдер азаматтарының паспорттарына шекарадан өткені туралы мөртаңба қойылмайды және олар журналға е н г і з і л м е й д і .

Елден шығу кезінде де осыған ұқсас іс-әрекеттер жүзеге асырылады.

9. Мемлекеттік шекара арқылы жүріп өткен адамдар туралы мәліметтерді (5 қосымша) шекаралық бақылау органдары ай сайын ішкі істер органдары көші-қон полициясының бөлімшелеріне және жергілікті жердегі ұлттық қауіпсіздік органдарына береді.

Ішкі істер органдарының паспорттық бақылау бөлімшелері - он күн сайын олардың келеді деп болжанған жері туралы мәліметтерді Астана қаласы ІІБ-нің, Алматы қаласы ІІББ-нің, облыстардағы ІІББ-ІІБ-нің Көші-қон полициясы басқармаларына және ұлттық қауіпсіздік органдарына, сондай-ақ әр айдың 25-іне Қазақстан Республикасы Ішкіісмині Көші-қон полициясы департаментіне және Қазақстан Республикасы ҰҚК-нің 2 департаментіне береді.

Қазақстан Республикасының Қазақстан Республикасының
ҰҚК Шекара қызметінің Ішкіісмині Көші-қон полициясы
Бас штабы департаменті

Н ұ с қ а у л ы қ қ а

1 қосымша

" Б е к і т е м і н "

Бастық _____

(қолы) (тегі)

200__жылғы_____

Қазақстан Республикасынан шығарып жіберу туралы
Қорытынды

200__жылғы " __ " _____ қаласы

Мен _____
(қорытындыны жазған қызметкердің тегі, лауазымы)

_____ түскен материалдарды қарай келіп,
_____ нің Қазақстан Республикасына
(шығарып жіберілуші адамның тегі)

200__жылғы " __ " _____ келгенін және қазіргі уақытта мына
мекен-жайда тұрады _____

Қазақстан Республикасында болған кезінде _____
(шығарып жіберілуші адамның тегі)

_____ (шығарып жіберу туралы қолдау хат қозғауға негіз болған

_____ себептерді көрсету керек)

Қазақ ССР Әкімшілік құқықбұзушылық туралы Кодексінің 201, 201-1
баптарын _____ басшылыққа _____ ала _____ отырып,

_____ (шығарып жіберілуші адамның тегі, аты, әкесінің аты)

Қазақстан Республикасынан шығарып жіберу туралы қолдау хатпен қозғау
с а л у _____ қ а ж е т _____ д е п _____ О й л а й м ы н .

Қорытындыны жасаушының тегі, лауазымы және қолы

" К е л і с е м і н "

І І Б П Б Б б ө л і м і н і ң

бастығы _____

_____ (қолы)

_____ (тегі)

Н ұ с қ а у л ы қ қ а

2 қосымша

" _____ " ПББ кезекшілігін тапсыру журналы

200__жылғы

" ____ " _____

Кезекші наряд _____

Рапорт

(КОЛЫ)

ПББ бастығының резолюциясы

Н ұ с қ а у л ы қ қ а

3 қосымша

Кіру-шығуды тіркеу журналы

Датасы !Азаматтың !паспорт сериясы,!азаматтық! кіру-шығу! ескертпе
!мәліметтері ! номері және !алған елі! мерзімі !
!(Т. А. Ә/а) ! визасы ! ! !

Н ұ с қ а у л ы қ қ а

4 қосымша

Ішкі істер органдарының ПББ-нің шекараларынан өтуді тіркеу
мөртаңбасының үлгісі

Сарыағаш	Астана	Жібек жолы
20.02.00	12.12.99	11.07.00
Т.Ж.	Ә.Ж.	А

ПББ

Т.Ж. - теміржолдарда	мөртаңбаның көлемі
Ә.Ж. - әуежайларда	40 мм х 20 мм
А - автомобиль жолдарында	

Н ұ с қ а у л ы қ қ а

5 қосымша

_____ облыстарындағы _____ ПББ-ІІБ (КІІБ)
_____ паспорттық бақылау пункттері арқылы Қазақстан
Республикасына кірген және шыққан шетелдік азаматтардың мәліметтері

тіркелген!азаматтығы ! кірген !шыққан!әкімш. жауапкер. !оның ішінде
облысы ! ! ! !шілікке тартылғаны! шығарып
! ! ! ! !жіберілгені

1. Алматы қаласы	Барлығы:	15	14	17	5
	Ауғанстан	12	10	12	3
	А л ж и р	1	-	1	-
	Б о л г а р и я	2	1	1	-
	Г р е ц и я	-	3	3	2

2. ШҚО	Барлығы:	21	15	14	8
	Ауғанстан	14	12	10	7
	А л ж и р	2	1	-	-
	Б о л г а р и я	3	2	1	1
	Г р е ц и я	2	-	3	-

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК